

**«Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «С.Керімбеков атындағы орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

**2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы әлеуметтік педагогтың
атқарған жұмысының
Талдауы**

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

«Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Керімбеков атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы жүргізілді. Мектепке жол акциясының бұйрығы жасалып, жоспары бекітілді. «Мектепке жол» акциясының басталғаны туралы әлеуметтік желіге хабарландыру жарияланды. Хабарландыру берудегі мақсат: Әлеуметтік қорғалмаған балаларды қорғау мақсатында «Мектепке жол» акциясына демеуші ата-аналар мен кәсіпкерлерді тарту.

Мақсаты: Әлеуметтік қорғалмаған, көп балалы, аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасы балаларының мектепке келмей қалуының алдын алу. Жоспар бойынша акцияға қатысу туралы мектеп ұжымы мен қамқоршылық кеңес мүшелерін, кәсіпкерлерге өтініштер жолданды. «Мектепке жол» акциясының барысында әлеуметтік санаттағы 57 оқушыға (мектеп формасы, ақ жейде, аяқ киім, қаржылай көмек, оқу құралдары мен қыстық куртка, қыстық етікпен) 909850 (тоғыз жүз тоғыз мың сегіз жүз елу) теңге көмек көрсетілді.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022ж. №382 бұйрығына сәйкес жылдық жоспар құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегідей алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі - оқушылар олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың сынып жетекшілерімен бірлесе отырып сыныптардың әлеуметтік паспорты жасалынды.

I жарты жылдық бойынша

Әлеуметтік санат бойынша									
Жетім, ААҚҚ балалар саны	Көп балалы отбасындағы балалар саны	Аз қамтылған отбасындағы балалар саны	Жартылай жетім отбасы балалар саны	Ажырасқан отбасындағы балалар саны	Жалғыз басты ана отбасындағы балалар саны	Өгей анасы бар отбасы	Өгей әкесі бар отбасы	Сәтсіз отбасы балалар саны	Үйден оқитын отбасы

						балала р саны	балала р саны		бала саны
0	802	59	65	141	42	4	18	0	2

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу бойынша тұрғын үй –тұрмыс жағдайын тексеру актілері жасалынды.

«Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Керімбеков атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына тамақтандыруды ұйымдастыру және мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мақсатында Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз ету шаралары қолға алынды. Бұл мәселе №1 педагогикалық кеңесте және қамқоршылық кеңес отырыстарында қаралып, сынып жетекшілер мен мектеп медбикесімен бірлесе отырып шешілді. 2023-2024 оқу жылында Жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық көмек берудің ережесі ҚР Ғылым және Білім министрінің 2020 жылғы 24 сәуіріндегі №158 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары мен жалпы ережелері, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде:

- 1) мемлекеттік атаулы көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына; -қаулы бойынша осы санаттағы оқушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінетін ыстық тамаққа 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айынан бастап 859 оқушы, атап айтсақ 1-4 сынып аралығында 639 оқушы, әлеуметтік санаттағы білім алушылар 1-4 сынып аралығына 137, 5-11 сынып аралығында 83 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр.

Анықталған 220 білім алушылардың тізімі жасалып, құжаттары жинақталған. Мектеп асханасына тамақ ішуге кесте жасалынып, кезекшілік кестесі бойынша қадағаланып отырады. Тамақтың сапасы мен ас мәзірінің орындалуын мектеп медбикесі – Ж.Абсататрова, ал оқушылардың уақытында кіріп тамақтануын әлеуметтік педагог – А.Оспанова күнделікті қадағалап отырады.

Өгей ата –ана тәрбиесіндегі оқушыларды мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторы және сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, үй тұрмыс жағдайына акт жасалынып зерделеу жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік санаттағы 5 отбасын азық түлікпен қамтамасыз етілді.

26.12.2023ж. үйден оқитын 2 оқушының үйіне мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшісі барып жаңа жылымен құттықтап, жаңа жылдық сыйлықтар тарту етті.

28.12.2023ж «АПОРТ» ойын сауық орталығында ұйымдастырылған аудан әкімінің шыршасына мектебіміздің әлеуметтік санаттағы екі оқушы 5 Д сынып оқушысы Түркменбай Нұршад пен 4 «Б» сынып оқушысы Сарыбаева Аягөз барып сыйлыққа тәттілер, қыстық күртеше мен бас киім алып, ойын ойнап, көңіл көтеріп қайтты.

29.12.2023ж. «Miraland» балалар ойын-сауықтыру орталағында қала әкімдігінің ұйымдастырылған жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік санаттағы 5 оқушы қатысып, жаңа жылдық сыйлықтарын алып, ойын ойнап қайтты.

Әлеуметтік педагог: Абдиева К.К

1. Сыныптарға , мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу
2. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

3. Өртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс
4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен(кәмілетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмілетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы
5. Білім алушылардың ата-аналарымен(отбасыларымен) профилактикалық жұмыс
6. Диагностикалау-талдау қызметі

1. Сыныптарға , мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалды. Төмендегі кестеде мектептің әлеуметтік паспортының көрсеткіштері көрсетілген

Әлеуметтік мәртебесі						
Жетім, ААҚҚ балалар саны	Анасы қайтыс болған балалар саны	Әкесі қайтыс болған балалар саны	Толық емес отбасындағы балалар саны	Көпбалалы отбасындағы балалар саны	Азқамтылған отбасындағы балалар саны	Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын, мүгедектігі бар балалар саны
0	0	17	65	330	35	1

2. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.

2022-2023 оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша мектептің әлеуметтік желіліріне және мектеп сайтында балалрдың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларына сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебесіне ие білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акция аясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей:

Көрсетілген көмек түрі	Оқушы саны	Соммасы(теңге)
Қаржылай көмек	1	10 000
Материалдық көмек(мектеп формасы, оқу құралдары, т.б)	5	50 000
Азық-түлік	5	25000
Барлығы		85 000

3. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 1

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Аудандық ИБ есебінде тұрғандар – 0

Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайларына тексеру акт жасалып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Балалардың есепке алынуын алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылық салдары» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

3. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен(кәмілетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмілетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б) өзара әс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында ақпан айында « Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында 8-ші сынып ата аналары ұйымдасып

барлық соммасы 70 000 теңгеге азық-түліктер алынып әлеуметтік жағдайы төмен 7 отбасына берілді.

«1 маусым -халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай мектепте мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, денсаулығына байланысты үйден оқытылып емделіп жатқан 1 оқушыға 15 000 теңгеге оқу құралдары берілді.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларды материалдық қолдау, әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушылардың ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 қаулысы негізінде «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан бөлінетін бір реттік қаржылай көмек, бір реттік тегін ыстық тамақ және жазғы сауықтыру лагерімен қамтылуы бойынша мәселелері қаралды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілерден және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай, материалдық көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушылардың «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан бөлінетін бір реттік қаржылай көмек, бір реттік тегін ыстық тамақ және жазғы сауықтыру лагерімен қамтылуы туралы мәселелер қаралып, шешім шығарылды.

4. Білім алушылардың ата-аналарымен(отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей ата-анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктеріне баса назарға алынып, мектеп психологтары өз бақылауында ұстап отырды.

Мектепшілік ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша түсініктемелер жүргізілді. Ата-аналарға булингтің алдын алу, әлімжеттік бойынша жаднамалар, түсіндірме бейнероликтер арқылы жұмыстар жүргізілді.

5. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. «Мектепгі ыстық тамақ және буфеттегі тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамын:

- 1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп-ата-ана-оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру:*
- 2. Сынып жетекшілерге ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұғыда көрсету:*
- 3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру:*

Әлеуметтік педагог: Абдиева К.К